



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

**ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЕКІ ҰЛЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЫ:  
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ А.Ж. ӘЛ-МАШАНИ**

**Талғатбек Манаш**

[manash777vko@mail.ru](mailto:manash777vko@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының 2  
курс магистранты.

**Шабамбаева Анара**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті Еуразиялық зерттеулер  
кафедрасының 1 курс докторанты  
Ғылыми жетекші - А. Оразбаева

Тарих – өткеннен үлгі, танымға таразы, тіршілігіне бағдар беретін құндылық. Қазақ топырағы данышпан - ғұламаларға толы екені белгілі. Сонау Анахаристен бастап Әл-Фараби, Абайға дейінгі, одан қалды Алаш арыстары Әлихан, Ахмет өткен кешегі күннен бүгінге дейінгі заманды ой елегінен өткізер болсақ, бір тұтас ұлылар мен данышпандардың галереясын көз алдыңызға елестетуге болады. Әрине, аталған есімдердің тарихи салмақтары, көзқарастары әр түрлі екені белгілі. Десекте, әр кезеңнің өзіне тән ұлы тұлғалары, көсемдері менкөш басшылары болатыны сөзсіз. Сондай тұлғалардың бірі, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен өмір жолын бірге бастаған, Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының ірге тасын қаласқан, Республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткері, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, XX ғасырдың Әл-Фарабиі атанған Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани.

А.Ж. Әл-Машаниді XX ғасырда кең етек алған қоғамдық ғылымдар саласының өкілі деп айтуға толық негіз бар. Ғұлама ғалым Қазақстандағы жаратылыстану ғылымының өкілі бола тұра тарих, археология, этнология, теология, музыка, география, астрономия, әдебиет, журналистика және философиялық мәселелермен айналысқан. Араб, еврит, көне түркі және басқа да тілдерді меңгерген. Әл-Фараби, Ш.Маржани еңбектерін түп нұсқада оқыған және оларды насихаттауға ерекше үлес қосқан. Сонымен қатар, әл-Фараби мен Абай философиясының ішкі болмысын ғылыми-ислами тұрғыдан дәлелдеуге ғылыми мирастар қалдырған. Оның «Әл-Фараби және қазіргі ғылым» атты еңбегі осы айтылған ойымызды тағы бір дәлелдей түскендей.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан - 2050» стратегиясының түп қазығы ұлтымыздың Ұлы бағдары «Мәңгілік Ел». Міне, осы «Мәңгілік Ел» іргетасын қалауда А.Ж. Әл-Машанидай ғұламалардың атқарған жан кешті өнегелі істерін дәріптеп, ұлықтау, бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыруда, ұлылардың ұлағатын ұмытпауда, ел боламыз деген халықтың тарих алдындағы парызы болмақ.

Бүкіл адами ғұмыры мен ғылыми шығармашылығын ұлтының мәртебесін көтеруге және оның жеке ұлт ретінде адамзат өркениетіне қосатын үлесін анықтауда ғалымның мұрасы өзінің өміршеңдігін көрсете алады. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани әлемдік жаратылыстанулық және философиялық ой-саналардың концепциясынан ұлттық нышанды көрген, соны ғылыми тұрғыда дәлелдеген ғұлама. Ғалым еңбектерінің негізгі дерек қоры: геология мәліметтері, тарихи археологиялық деректер мен фольклорлық, халықтың дәстүрлі ауызша тарихының деректемелері, оның дүниетанымы, астрономиялық ұғымдары, ислам ілімдері мен Құран қағидаттары. Ал, шығармашылығындағы ең басты тақырып – Әл-Фараби және оның ғылыми мұраларына арналды. Әл-Фараби және Абай еңбектерін салыстырмалы тұрғыда зерделей отырып, ол «кен тарихы, ел тарихы, ғылым тарихының» бір тұтас екендігін дәлелдеуге ат салысады. «Әл-Фарабидың қайырлы жаңбырынан нәр алмаған бау-бақша жоқ. Қалың орман да, кең дала да, тау-таста, аспандағы жұлдыз да, жердегі құндыз да нәр алған.

Солардың бәрі Әл-Фараби музыкасына қосылып ғаламның гармония мақамын жырлайды» - деген ғұлама А.Ж. Әл-Машани.

Дін мен ғылымды, білім мен даналықты, ақыл мен руханилықты бір-бірінен бөліп қарау батыстық философиядағы қалыптасқан рациональдық ой кешу үрдісі екені белгілі. Ал, қазақ философиясына келер болсақ, ақыл мен сезім, қайрат пен жүрек, білім мен даналық қашанда бір тұтас. Дін мен ғылым, поэзия мен философия қашанда астарласып, қауышып жатады. Қазақ философиясының басты ерекшелігі де осында. Осы бір ерекше методологиялық ұстаным А.Ж. Әл-Машани құбыласынан табылуы заңды құбылыс. Себебі, әл-Фараби мен Абай шығармасынан философиялық параллель іздеу тек осы методологиялық ұстаным негізінде ғана жүруі мүмкін. Осындай тұтастыққа негізделген А.Ж.Әл-Машанидың философиялық ізденістерін қазақ философиясының дамуына қосқан ерекше үлесі деп бағалауымыз қажет. Сонымен қатар, ғалым мұрасының сан қырлылығы мен шығармашылық мұрасының көп қырлығын зерттеу мен зерделеуде және пайымдауда қоғамдық ғылымдар саласының барынша атсалысуын керек етеді.

Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани ғұлама ғалымдығымен қоса, отансүйгіштігімен, ұлтжандылығымен әйгіленген тұлға. Кеңестік атеистік қоғамда өмір сүріп, ұлы ойшыл, сан-салалы ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің есімін тарихи Отанына оралтып, оның әмбебап сипат алатын мол ғылыми мұрасын зерттеп, ұрпағына жеткізуге саналы ғұмырының жарты ғасырын арнаған. Сондай-ақ, Әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланысты алғаш рет нақтылы зерттеуінде тұжырымдап, терең талдаулар жасағаны мәлім.

Қазақ елі тәуелсіздігінің тарихында «Машанитану» мектебі қалыптаса бастады деуге толық негіз бар. Бұл істе ұстазының жанында 37 жыл жүріп тәлімін көрген шәкірті, профессор Шамшиден Абдраманның еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани әлемін түсіну, оның еңбектеріне ғылыми сараптама жасау, ғылыми нәтижесін анықтау, зерттеушіден терең дайындықты, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдарға бірдей қабілеттілікті және рухани парасаттылықты талап етеді. Әл-Фарабиді тануға жан-жақты білім мен қабілет, биік рухани парасаттылықпен келген А.Ж. Әл-Машани болса, сол Машановты тануда бүгінгі уақытта осындай өлшемдер қажет. Ұлттық тұлғатану бағытын қазақстандық тарихнамада Машанитану тақырыптарымен де жалғастыру уақыт еншісінде.

Дәл қазіргі таңда А.Ж. әл-Машани сынды тарихи тұлғаларды жастарға, өскелең ұрпаққа насихаттау арқылы жастарымыздың рухын, ұлттық рухын көтеруіміз керек екені түсінікті. А.Ж. Машанов туралы профессор, тарихшы ғалым ағамыз Ә.Н. Құдайбергеновтың: «Тұла бойы намысқа толы өр қазақ» атты мақаласынан үзінді келтірейік: «Машановтың баға жетпес, ерлікке пара-пар ел құлағын елең еткізген еңбегі – ол ұлы бабамыз шығыстың энциклопедист ғалымы әл-Фарабиді қазақ екенін, Отырар өлкесінің перзенті екенін дүние жүзі ғалымдарына мойындатуы». [1, 6 б.] Тарихқа көз жүгіртсек Алматыда Академия отырысының бірінде Чехославак ғалымы математик Э.Кольман ғылым тарихы туралы баяндама жасап, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдардың есімін айтады. Арасында әл-Фараби есімі де бар еді. Өзбектер, тәжіктер иемденіп алған Бируни, Ұлықбек т.б. арасында Фараби есімі жоқ. Фараби – қазақ шығар деген ой Машановты мазалайды. Сөйтіп, екі жылда он шақты еңбегін орта жастан асқан шағында араб тілін үйренуі және Әл-Фараби туралы ғылыми деректерді жинау үшін Берлин, Лиссабон, Париж, Каир т.б. қалаларына сұрау хат жазуы ғұлама ғалымның тар жол, тайғақ кешкендігін көрсетеді.

1967 жылы 19 қарашада Шаһмардан Есенов Ғылым Академиясының президенті кезінде Академияның отырысында арнайы әл-Фарабиді зерттеу комиссиясы құрылып, оның төрағалығына А.Ж. Машанов тағайындалады. А.Ж. Машановтың басты мақсаты Әл-Фараби туралы мәліметтерді халықаралық деңгейге көтеру еді. Ғылыми тақырыптары әрқилы болса да, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, бабамыз туралы жиналған тың деректерді жариялай отыра, 1966 жылы Мәскеуде өткен халықаралық математиктер конгресінде «Әл-Фараби және математика» тақырыбында баяндама жасайды, оған негіз

болған әл-Фарабидің математикалық трактаттары. Ғалымның сөзімен айтсақ, ол кезде трактат толық аударылып, аяқталмаған болатын.[2, 12 б.] Коперниктің 500, Кеплердің 400 жылдық мерей тойларында, Берунидің 1000 жылдығы, Самарканның 2500 жылдығында әл-Фараби еңбектеріне қатысты баяндамалар жасалынды. Дей тұрғанмен, бұл кезде әл-Фарабидің қай елдің тумасы екендігі туралы талас-тартыс аяқталмаған болатын. Осындай аласапыран кезде Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойын қай жерде өткізуге байланысты мәселелер де туындап жатты. Өзбектер Ташкентте, арабтар Ғұламаның өзі ғұмыр кешкен араб елінде өткізілу керек деген ұсыныстар болды [3, 2 б.]. Осындай қысыл таянда Ақжан Жақсыбекұлы Машанов «Әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар жері, елі Қазақстан» - дей келіп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі игі істерін алға тартты [4, 3 б.].

1971 жылы Мәскеуде өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде әл-Фарабиге арналған симпозиумда Ақжан Машанов бастаған Қазақстан ғалымдарының зерттеулері Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференцияны КСРО-да, Қазақстанда өткізуге шешім алуына негіз болды. Ақырында, ұзақ жылдар бойы әлемде екінші Аристотель аталған Әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы қырықүйектің 8-13 аралығында Мәскеуде басталып, ұлы бабаның өз Отаны Қазақстанда Алматыда аяқталған болатын. Осы кезде Ақжан Машанов Әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбек жариялап үлгірді. Оның бесеуі кітап, монография болатын. Мұның ішінде «Әл-Фараби тарихи» (1970) романы бар. Бұл қазақ әдебиетінде әлемдік екінші ұстаздың көркем бейнесін сомдаған тұңғыш шығармасы болып қалды.

А.Ж. Әл-Машани Әл-Фарабиді «Қазақ» етемін деген өмірлік серті бар ғұлама ғалым Араб елдеріне барып ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізбек мақсаты да болды. Бірақ, кеңестік идеология кезеңінің кедергілерімен ойлаған түпкі мақсатына жету көп болды. Тек, сол кездегі Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың көмегімен турист ретінде Сирияға барып, әл-Фараби қабірін «Шам» шахарының бір тарихи ескі қорымынан зорға тауып, басына құран оқып, белгі қойып, бір уыс топырағын елге алып келеді. (Сирия, Баб, ас-Захир зираты. Сирия әмірі Сайф ад Даула әл-Фарабиді ұстаз тұтқан, сол себептен белгілі адамдарға арналған зиратқа жерлеген) [5, 5 б.].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейді. Болашақ жас өркенді өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол, терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі екендігі түсінікті.

Егемен еліміздің, тәуелсіз жеріміздің бетке ұстар, ғасырда бір туар тау тұлғаларымыз Ұлы Дала төрінде баршылық. Болашақ жас өркендерімізді солардың өмір белестерінен үлгі алатындай етіп тәрбиелеу – аға ұрпақ сіздер мен біздердің міндетіміз! Сондай ұлы тұлғаларымызды өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес, өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттары мен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алатынымызға сеніміміз мол.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мәңгілік Машани. Алматы ақшамы. 31 қазан. №126 (3758)
2. Адамзаттың Ақжаны. Айқын. 2007 жыл. 26 мамыр.
3. Әл-Фарабиге келу. Орталық Қазақстан. 2006 жыл. 28 қараша.
4. Машани Ақжан. Әл-Фараби көпірі. Алматы. 2005 жыл. Б. 5.
5. Көпжасар Нәрібаев. Тұлғаларға тағзым. Алматы. 2012жыл. Б. 31.